

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP23489032 «Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту тұрғысында зерттеу»
Өзектілігі	Қазіргі уақытта табыс теңсіздігі және кедейлікті жою - Қазақстан қоғамының тұрақты даму мақсаттарына жету тұрғысында ауқымды және маңызды міндеттерінің бірі. Бұл Дүниежүзілік банктің негізгі миссиясы және 193 елдің негізгі әлеуметтік-экономикалық басымдықтар туралы келісімін көрсететін тұрақты даму саласындағы басты мақсат. Жаһандық дағдарыстар, әлемдік экономикалық дамудағы белгісіздіктің жоғары деңгейі, геосаяси шиеленістер және экономикаға көші-қон, демографиялық қысымның артуы бұл мәселені одан бетер ушықтыруда. Кедейлік мәселесі әлеуметтанулық, экономикалық, психологиялық сипатта («әдеттегі кедейлік» феномені) екенін, оның тұтас алғанда елдің тұрақты дамуына әсерін ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі күн сайын артып келеді. Мүмкіндіктерді кеңейту, кедейлікпен күресу және теңсіздікті азайту құралдарының бірі – кәсіпкерлікті дамыту. Осы ретте, шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) теңсіздік және кедейлікті азайтуға әсерін бағалау маңызды. Тәжірибелік маңызы өте үлкен аталған мәселенің шешімі қазіргі уақытта әлі де жеткіліксіз болып отыр. Осыған орай, бұл жоба шағын және орта кәсіпкерліктің табыс теңсіздігі және кедейлікті төмендетуге әсерін көп критерийлі бағалау негізінде оның әлеуметтік әлеуетін арттыру бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған.
Мақсаты	Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігін және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) әсерін көп критерийлі ұстаным негізінде бағалау және әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту үшін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік әлеуетін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу
Міндеттері	1. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсерін зерттеудің әдістемелік тәсілін негіздеу. 2. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсерін талдау және бағалау. Сауалнамалар және терең expertтік сұқбаттар жүргізу. 3. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендету механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	2024 жыл: Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсерін зерттеудің әдістемелік тәсілі негізделді. 2025 жыл: Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсері талданды, шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуметтік эффектерін бағалау және модельдеу жасалды. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерліктің кедейлік деңгейіне, кедейлік терендігі және кедейліктің ауырлық деңгейіне әсері бағаланды. Мамандар, кәсіпкерлер және мемлекеттік қызметтер арасында сауалнама және expertтік сұқбат жүргізу мақсатында сауалнама

	әзірленді. Сауалнама және терең эксперттік сұқбаттар жүргізіліп, нәтижелері талданатын болады. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналда мақала жарияланады. 2026 жыл: Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендету механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	1. Даулиева Ғалия Рахметовна, э.ғ.к, проф. м.а., Researcher ID N-1929-2014, Scopus author ID: 57203160262, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8233-9830 2. Мухамедиев Булат Минтаевич, э.ғ.д., профессор, Researcher ID P-5157-2014, Scopus Author ID 56069126000, ORCID ID https://orcid.org/0000-0002-1490-302X 3. Андабаева Гульмира Кенжеғалиевна, э.ғ.к., доцент, ORCID ID: 0000-0002-7458-8711, Scopus ID: 57216615915, Web of Science Researcher IDAGX-6230-2022 4. Тұрапов Дәурен Рысқұлұлы, э.ғ.к., доцент м.а., Scopus Author ID 57216612062. Web of Science ResearcherID N-4417-2014, ORCID ID 0000-0003-3345-8061. 5. Калиева Асем Ермаковна, PhD. ORCID ID 0000-0002-1154-4287, Scopus Author ID 56646470400, ResearcherID C-6014-2015 6. Мынжанова Гүлжахан Тлесовна, PhD. Scopus Author ID: 6507316448, https://orcid.org/0000-0002-0322-3619 1. Сағынбай Әсел Ғалымжанқызы, магистр, https://orcid.org/0000-0001-6861-4904 2. Махсұтова Салтанат, магистр, https://orcid.org/0009-0008-4276-032X
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1. Г.Р. Даулиева, Ә.Ғ. Сағынбай. Қазақстан халқының өмір сүру деңгейіне АӘК әсерін бағалау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №3, 2024 ж. 149-162 б. doi: https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-149-162; 2. Влияние малого и среднего предпринимательства на экономику в контексте устойчивого развития) // 21 ғасырдағы экономикада, саясат және технологиядағы азиялық жаңғыру туралы халықаралық Симпозиум // https://drive.google.com/file/d/13c2pG7W0pgnrL9UUT81pmQ9r5fyN83Gx/view; 3. Dauliyeva, G.R., Ranov, Zh.B., Sagynbay, A.G., & Makhsutova, S.T. (2025). Nexus between entrepreneurship and poverty reduction: Regression analysis of causality. The Journal of Economic Research & Business Administration, 1(151), pp. 18–28. doi: https://doi.org/10.26577/be202515112.
Патенттер туралы ақпарат	-